



Сыр бойы

31 қазан, бейсенбі 2024 жыл

№167 (20841)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЗЮДО ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) президенті Мариус Визерді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мариус Визерге дзюдоны дамытуға және насихаттауға үлес қосқаны үшін ризашылық білдірді. Президенттің айтуынша, Қазақстанда спорттың осы түріне қызығушылық зор. Әсіресе, балалар мен жастар арасында танымалдылыққа ие.

– Сіздің сапарыңыз Қазақстан мен Халықаралық дзюдо федерациясы арасындағы өзара ықпалдастыққа тиіс серпін беру тұрғысынан өте маңызды деп санаймын. Бүгінде дзюдоның әлемдік спорт қоғамдастығында алатын орны зор. Дзюдо – Қазақстанда да өте танымал спорт түрі. Елімізде көптеген секция мен жаттығу орталықтары жұмыс істейді. Онда 160 мыңнан аса адам, солардың ішінде балалар да жаттығады. Жақында өткен Париж Олимпиадасында Елдос Сметовтің жеңімпаз атанғаны мақтан тұтамыз. Сондықтан бұл Халықаралық дзюдо федерациясымен қарым-қатынасты өркендетіп, ынтымақтастықты жандандыруға ниеттіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Мариус Визер Қазақстанда дзюдоны дамытуға қолдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Қазақстанға келу – мен үшін үлкен мәртебе. Сізге және еліңізге дзюдоға ғана емес, әлеуметтік интеграцияның және бейбітшіліктің бірден-бір тетігі саналатын спорттық қозғалысқа қолдау көрсеткеніңізге ризашылығымды білдіремін. Дзюдо қауымдастығының барлық мүшесі ортақ мақсатқа жұмылады. Бұл – қоғамда лайықты орны бар азамат тәрбиелеу, – деді Мариус Визер.

Ол Астанада Халықаралық дзюдо федерациясының ұйытқы болуымен IJF академиясын ашу жоспарлап отырғанын жеткізді. Бұл аймақтағы жоғары санатты жаттықтырушылар мен төрешілерді даярлайтын орталықтардың бірі болмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мариус Визер Қазақстанның Халықаралық дзюдо федерациясымен ұзақмерзімді ынтымақтастығының перспективасы жөнінде пікір алмасты. Бұдан бөлек, 2027 жылы елімізде өтетін дзюдодан Әлем чемпионатына дайындық мәселелерін пысықтады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қазақстанда дзюдоны ілгерілетуге қосқан үлесі үшін Мариус Визерді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

/// САРАП

БАЛА ТІЛІ БАЛ ЕДІ...

Айжан Асанованың 30 жылдық еңбек өтілі бар, бастауыш сынып мұғалімі. Білікті ұстаз талай балаға өріп үйретіп, қалам ұстатқан. Сол кісімен жақында жүздесіп қалдық. Биыл бірінші сыныпқа 20 бала қабылдапты.

«Көп жылдық тәжірибеде мұндай оқушыларды көрмедім» деп әңгімесін бастады. Сыныптағы баланың біршамасының тілі әлі дұрыс шықпаған. Сөздерді анық айта алмайды. Қарапайым сөзді ұқпайды. Есте сақтау қабілеті нашар. Сұрақ қойсаң, бетіңе қарап отыра береді. Ешқандай қызығушылық жоқ. Мұның бәрі де – телефонның кесірі. Ата-ана мен бала арасында байланыстың әлсіздігі. «Әй, қарағым, бала – ертенгі болашағын. Сенің жауапкершілігің, Туған перзентіңе жаның ашыса, неге телефон бересің? Балаға неге көңіл бөлмейсің?» деп айтқым-ақ келеді. Өткен... Көпшілігі келте түсінеді. Содан әріге аса алмайсың. Бала көптен бірге әйтеуір сыныптан сыныпқа көшіп, бастауышпен қош айтысады.

Осыдан 15-20 жыл бұрынғы кезге оралсақ, бірінші сыныпқа бала тақтақ жатпа келетін. Тандайы тақылдан тұратын. Ертегі тындап өскен бала ойын толық жеткізе алады. Балабақшаға бармай-ақ бірден мектеп табалдырығын аттайтын. Беске толған балалар да біріншіге қабылданып, қатарға қосылып кететін. Қазір ше? Ата-ана мен мұғалім жабылып жүріп, төрт қатар тақтақты зорға жаттайды. Одан әріптгі енді үйреніп келе жатқанда, өзгелер сөзді құрап оқи бастайды. Күнделікті бекітілген бағдарламаға ілесу де қиындап баралы. Осылайша, сыныптағы 5-6 баламен өзгеше жұмыс жасауға тура келеді. Мұғалім сөзін түйіндей келе, қоғамда осындай балалардың өсіп келе жатқанын айтып қынжылды.

3-бет



Коллаж: К.Орғабай

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ШЫН МҰҚТАЖҒА ТИЕСІЛІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде орта кәсіпкерлікті дамыту, атауды әлеуметтік көмек көрсету мен бюджеттің игерілуі бойынша тапсырмалар жүктелді.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы арнайы мәжіліс өткізіп, жауапты сала мамандарына шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, атауды әлеуметтік көмек көрсету мен бюджеттің игерілуі бойынша тапсырмалар жүктелді.

– Биыл жеке кәсіпкерлердің 3 мыңға жуық жобасына 42 млрд 500 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Дегенмен, аймақта дара кәсіпкерлер санының өсу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда төмендеген. Әрбір әкім өзі басқаратын елді мекендегі жұмыссыздар санын азайту, жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табыс көзін арттыру секілді негізгі шараларға баса назар аударуы керек.

Менің тапсырмаммен жыл басында әлеуметтік көмек алушылар санын 30 пайызға төмендету туралы тиісті басқарманың, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің жоспары бекітілді. Шынайы табысын жасырып, жалған ақпарат ұсынып, масылдық оймен көмек алу үшін тұрғындар түрлі әрекеттерге баруда.

2-бет

/// СҰХБАТ

АЛҚАБИЛЕР АСУЫ БИІК

Кейінгі кездері «Алқабилер соты» деген мәселе айтылып жүр. Жалпы, алқабилер деген кім, оның міндеті не, құқы қандай? Бұл сұрақтардың жауабын қарапайым жұрт жете біле бермейді. Осыған орай газет тілшісі Қызылорда облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Мейрамбек Шамауұлы Ибрашевпен сұхбат құрған болатын.

– Мейрамбек Шамауұлы, 2007 жылдан бастап Алқабилер сотының қолданысқа енгізілетін туралы заң қабылданғанына хабардармыз. Осы заңның түпкі мақсаты нені көздейді?

– Қазақ халқының тұрмысындағы жер дауы, жесір дауы, барымта-сырымта деген нәрселерді баяғыдан билер шешіп келген. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейтін мақалдың өзі – осының айғағы. Ел ішіндегі тентектік пен текетірестерге билер үкім айтып, ағайын арасының бірлігін бұзбай сақтаған. Істі насырға шаптырмай, татулықпен шешкендеген. Дау-жанжалға жалғасатындай болса, жұрт төбе биге жүгінген. Үш жүздің төбе биі Төле би болған.

«Хан – қазық, би – тоқпақ» дейді қазақ. Осы мақалдың мәнінде бидің хан алдында үстем екені көрінеді. Демек, бидің құқы да, құны да қай кезде де биік.

Дәл осы билер институтын жаңғырту мақсатында 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде Алқабилер соты қолданысқа енгізілді. Заңның түпкі мақсаты – соттың ашықтығын, жариялылығын қамтамасыз ету, азаматтық қоғамның қылмыстық сот өндірісіне белсенді қатысуына жол ашу, ұрпақты халықтың тұлсанасына бойлату.

Алқабилер соты арқылы жас ұрпақ біздің халқымыздың әділ болмысын, өмір сүру дәстүрін бағамдайды. Өз халқының тарихын танып, тағдырын түсінген ұрпақтың дінгегі мықты, діл берік болады.

Міне, түпкі мақсат дегенде осы нәрселерді ойға түюге болады.

2-бет



Коллаж: К.Орғабай

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖАҢА ТЕРМИНАЛҒА ЕКІНШІ ТРАП ОРНАТЫЛУДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Болат Өтемуратов қорының» қолдауымен салынған «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалындағы жұмыстармен танысты.

Бүгінде мұнда халықаралық стандарттарға сай келетін екінші телескопиялық трап әкелінген. Трапты монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін терминалды ашу жоспарлануда.

Халықаралық талаптарға сай етіп салынған жаңа нысанда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға арналған, СІР залдары,

жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, меллункт, кафе, ғыбалат ету, жұқ сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимаратта сағатына 250 жолаушыға 10 төлқұжат бақылау кабинасы арқылы қызмет көрсетіледі.

Айта кетейік, «Қорқыт Ата әуежайы» соңғы 9 айда жолаушылар мен жұқ

тасымалында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Қаңтар-қыркүйек айларында әуежайда 264 506 жолаушыға қызмет көрсетіліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға артқан.

Сонымен қатар, осы уақыт аралығында рейстер саны 1420-ға жеткен. Бұл «Қорқыт Ата әуежайы» көрсеткіштерінің тұрақты өсімін және әуе тасымалының жоғары белсенділігін растайды.

/// ӨРКЕН

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ СПОРТҚА СЕРПІН БЕРЕДІ

Бұқаралық спорт қозғалысын кеңейтуге, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған іс-шаралардың нәтижесінде елімізде бұл сала кеңінен дамып келеді.

Бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтының маңыздылығын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрқаз Жолдауына арқау етіп жүр. Президент өз сөзінде саланы дамыту үшін демеушілер мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік әлеуетін тиімді пайдалану қажеттігін де атап өтті. Сондай-ақ бұл саладағы заннамағы жанартағын кез жеткеніне тоқталды. «Заңға енгізілетін өзгертулер бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға зор серпін береді. Сондай-ақ болашақ жеңімпаздар шоғырын даярлауға жол ашады» деді Мемлекет басшысы. Қай салада болмасын, қолға алынған реформа сол саланың алға басуына бағытталатыны сөзсіз.

2-бет



/// БРИФИНГ

«ӘКЕГЕ ҚАРАП ҰЛ ӨСЕР»

Отбасының тірегі, қамқоршысы, асқар тауы – әкенің орны айрықша. Халық даналығында «Әкеге қарап ұл өсер» және «Жақсы әке – балаға қырық жыл азық» деп бекерге айтылмаған. Алайда кейінгі кезде оның қоғамдағы рөлі мен отбасы алдындағы жауапкершілігі төмендеп кеткені жасырын емес.

Қазіргі әлеуметтік өзгерістер мен жаһандану үдерістері отбасы құндылықтарына, әсіресе әкенің бала тәрбиесіндегі рөліне ерекше назар аударуды қажет етеді. Осы орайда республикалық «Әкелер одағының» бастамасымен өткізіліп жүрген Әкелер

форумының тоғызыншы басқосуы біздің облыста ұйымдастырылады. «Тәрбие – талбесіктен» тақырыбына негізделген форум екі күнге жоспарланған. Әке беделін арттыру, отбасы құндылығын насихаттау мақсатында 2012 жылы республикалық «Әкелер

одағы» қоғамдық бірлестігі құрылған болатын. Бұл қоғам қайраткері Қуаныш Жұматаевтың идеясымен жүзеге асқан. Қоғамдық бірлестік құру идеясы мектептегі әкелер кенесінен бастау алады. Кейін оның жұмыс ауқымы кеңейіп, одаққа айналды. Қазіргі күні көптеген облыста филиалы жұмыс істеп тұр. Өткен жылы Әкелер күні қарсаңында біздің өңірде де филиалы ашылып, оның төрағасы болып Ержан Ескендір тағайындалды.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:

- жөкелер үшін – 4000 теңге,
- мекемелер үшін – 5000 теңге

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ШЫН МҰҚТАЖҒА ТИЕСІЛІ



Атаулы әлеуметтік көмек тек шын мұқтаж отбасыларға ғана берілуі қажет. Қала және аудан әкімдеріне учаскелік комиссиялардың жұмысын күшейтіп, жыл соңына дейін белгіленген жоспарды орындауды тапсырамын, – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, өткен жылдың қорытындысымен жастардың кәсіпкерлік бастамасына шағын несиелі бойынша Қызылорда облысы республикада екінші орынды иеленіп, 492 азамат кәсібін бастаған.

Сонымен қатар, Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығының несиелендіру жұмысын жандандырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласын дамытуға 1 млрд 500 млн теңге қаржы бөлінді.

Осылайша шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығарылымы 33,6 пайызға ұлғайып, облыс республикадағы алғашқы үштіктен көрінді. Был атаулы көмекке 5 млрд 900 млн теңге қаржы бөлінді, 9 айдың қорытындысымен 31 869 адамға 2 млрд 100 млн теңге төленді.

1-бет

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОСПАРҒА САЙ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қайта жаңғыртудан өткен аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Қызылорда» автожолына барды.

Мердігер мекеме «УАД» ЖШС 8,4 шақырымдық жолды төрт жолақты, көлік жүретін бөлігінің енін 14 метр етіп салды. Құрылысты жоспарға сәйкес 6 айда бітірді. Жоба бойынша қиыршық тас-мастикалық асфальт қабаты төселді.

Құрылыс алаңындағы техникалық қадағалаушы – «Қызылорда Нұр Строй Инжиниринг», авторлық қадағалаушы – «Блеск Мастер» серіктестігі.

Облыс әкімі жұмысқа қойылатын басты талап сапа екенін айтып, кемшілік орын алған жағдайда мердігер мекеме жауапты болатынын еске салды.

Қызылорда облысы аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы – 3580,5 шақырым, оның 1014,5 шақырымының республикалық, 555 шақырымының облыстық, 2011 шақырымының аудандық маңызы бар.

Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден қаржы бөлініп, 603 шақырым автомобиль жолдары, елді мекен көшелері, көпір өткелдері салынды, қайта жаңғыртылды, жөнделді. Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы көрсеткіші 82%-ға жеткізілді.

Осы жылы 300 шақырымнан астам жол, көшелер және көпір өткелдері жөнделуде. Жыл қорытындысымен жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар көрсеткіші 87,5%-ға жеткізу көзделген.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



«ӘКЕГЕ ҚАРАП ҮЛ ӨСЕР»

Республикалық форум алдында жергілікті БАҚ өкілдеріне арнап брифинг берген облыстық филиал төрағасы келісі басқосудың мән-маңызына тоқталды.

– Өкелер институтын, жалпыұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған форум екі күнге жоспарлануда. Бағдарлама бойынша бірінші күні келген қонақтарды күтіп алып, Сыр елінің көрікті жерлері мен мәдени-рухани нысандармен таныстырамыз. Қарашаның алғашқы күнінде форум өзінің негізгі жұмысына кіріседі. Онда спикерлер әрқайсысының міндеті, ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігі туралы баяндамалар жасайды. Басқосуда жыл бойы атқарылған жұмыстар сараланып, келер жылы жоспарымыз да бекітіледі, – деді Е.Ескендір.

Жалпы, Өкелер одағының негізгі мақсаты – отбасы және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ер балалардың болашақ әке ретінде тәрбиеленуіне, әкелердің бала тәрбиесіне араласуына, оқу орындарымен байланыста болуына ықпал жасау. Бірлестікте 5 мыңдай адам бар. Олар түрлі шараларда белсенділік танытып, қоғамда болып жатқан оқиғаларға өзіндік үн қатып келеді. Күні бүгінге дейін әкелер кеңесінің төрағаларымен, мүшелерімен, мектеп оқушыларымен және колледж студенттерімен бірнеше кездесу ұйымдастырылған.

Одақ құрылғалы ауқымды жұмыс атқарылды. Бастапқыда ата-аналардың өмірлік ұстанымын өзгертуге күш салса, кейінгі жылдары бірқатар заңнаманың талабын күшейтуге, оны өзгертуге, толықтыруға ықпал етіп келеді. Оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заң қабылдау, жасөспірімдердің вейп шегуіне, 21 жасқа толмағандарға энергетикалық сусын сатуға тыйым салуға атсалысты.

Бір екеңіз тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды. Қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесіндегі әке рөлін әлсіретіп алмаудың маңызы зор. Алайда талбесіктен басталатын тәрбиенің тізгіні кімде? Көп отбасында смартфонға телмірген жаңа ұрпақ өсіп келеді. Сол үшін де бүгінгі ата-ана балаға беретін ізгілік қасиетті алдымен өз бойына дарытып, отбасы құндылығын санасына сіңіруі қажет. Өкелер институтын дамытуға жаңа тәсілдерді насихаттау және қалыптастыруды мақсат тұтқан жиында ауқымды мәселелер сөз болып, ұсыныс-пікірлер сараланбақ.

Форум аясында бала тәрбиелеудегі әкеңіз, отбасының рөлі, ұлттық құндылықтардың мән-маңызы, бала бойындағы қабілетті арттыру тақырыптары да талқыланып, жеке сессиялар ұйымдастырылады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

АЛҚАБИЛЕР АСУЫ БИІК



– Алқабилер сотының ерекшелігі неде?

– Алқабилер – қарапайым халықтың өкілі. Сондықтан халық атынан сотқа қатысып отырғандықтан олардың жауапкершіліктері аса жоғары болу шарт.

Ерекшелігі – сот төрелігін жүзеге асыруға кәсіби судьямен бірге арнайы құқықтық білімі жоқ, заңда белгіленген шектеулерден өтіп арнайы тандап алынған қоғам өкілдерінің қатысуы.

Олардың қатысуымен сот процестері, қаралған істер, тәжірибе көрсеткендей өте жоғары деңгейде өтеді. Жұртшылық көшегі өткен Бишімбаевтың сотынан да мұны жақсы байқап, білді.

Құрамындағы қарапайым адамдардың көзін жеткізу үшін мемлекеттік айыптаушы мен қорғаушының уәждері, дәлелдері өте сауатты әрі нанымды болуы қажет.

Алқабилер – заңды басшылыққа алып сотталушы адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін ерікті мәңгі және әділ адам ретінде өзінің ішкі наным мен ар-ожданы бойынша шешім шығаратын қоғам өкілдері.

Одан басқа қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау мәнісі: ол – сот ашықтығын, жариялығын қамтамасыз ету. Түсініктірек айтқанда, сот жұмысына қатысушы қарапайым халық өкілі заң талаптарын білуге ұмтылады, әр адамның құқығын сыйлау деңгейіндегі көзқарасы өзгереді.

– Алқабилер сотының тәртібін түсіндіре кетсеңіз?

– Елімізде 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарда және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттарда алқабилердің қатысуымен сот бір судьяның және ол алқабилердің құрамында әрекет етеді.

Судья алдына ала тыңдауды сотталушыларды, соның ішінде өздеріне істі алқабилердің қатысуымен қарау құқығы тиесілі емес сотталушыларды және олардың қорғаушыларын міндетті түрде қатыстыра отырып, жеке-дара өткізеді.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдемесе, судья сотталушыға оның осы сот отырысында тікелей мәлімделуі мүмкін екенін түсіндіреді. Сотталушының ауызша өтінішхаты сот отырысының хаттамасына енгізіледі, жазбаша өтінішхат іске қоса тігіледі. Сотталушының істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өз өтінішхатынан бас тартуы, сондай-ақ оның осындай өтінішхатты мәлімдегісі келмейтіні сот отырысының шешім қабылдайды. Бұл ретте басқа сотталушылардың пікірі ескерілмейді және мемлекеттік айыптаушы, жобирленуші, сотталушы және оның қорғаушысы мәлімдеген басқа өтінішхаттары қарауға көшеді. Судьяның істі алқабилер қатыстығын соттың қарауы туралы мәселе жөніндегі қаулысы түпкілікті болып табылады. Одан әрі қаулы сотталушының ұстанымының өзгеруіне орай қайта қаралмайды.

Егер сотталушы істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдемесе немесе бұл туралы бұрын мәлімделген өтінішхатты растаса, судья сот отырысын тағайындау туралы қаулыда істі алқабилер қатыстығын соттың қарайтынын көрсетеді және осы сот отырысына шақырылуға жататын алқабилер кандидаттардың санын айқындайды, олардың саны жиырма бестен кем болмауға тиіс.

Судья істі алқабилер қатыстығын соттың қарауына тағайындау туралы қаулы шығарылғаннан кейін сот отырысының хатшысына саны қаулыда көрсетілген кандидаттарды алқабилер іріктеу үшін олардың сот отырысына келуін қамтамасыз ету туралы өкім беріледі.

– Алқабилер қалай іріктеледі? Олардың таңдауы бар ма?

1-бет

– Азаматтар алқабилер кандидаттар тізіміне іріктелгенде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді. Алқабилер кандидаттардың тізімдерінен: қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар, дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабилер міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар, алпыс бес жастан асқандар, сондай-ақ өздері жазбаша өтініш жасаған діни қызметшілер алып тасталады.

Алқабилер іріктелген кандидат егер жұмыс істейтін болса оның жұмыс орнына сот талқылауы болатын күнге босату жөнінде хабарлама жолданады. Алқабилер сот отырыстарына қатысқан күндеріне еңбекақы алады. Ал аудандардан келетін кісілерге жолшұлы мен жатын орнының шығындары төленеді.

– Алқабилер таңдалған кісілердің сотқа қатысуы, белсенділігі қандай? Бас тартушылар мен қарсылық білдірушілер бола ма?

– Кандидаттар ішінен алқабилерді іріктеу ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 639-бабының талаптары орындалғаннан кейін, төрағалық етушінің алқабилер кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы, өздігінен бас тарту туралы мәселелерді шешу, қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу, алқабилер кандидаттарға уәжсіз қарсылық білдіру арқылы жүзеге асырылады.

Қарапайым сөзбен айтқанда қатыса алмайтын десе, қарсылық білдірілмейді.

Шын мәнінде халық белсенділігі жоғары деп айту қиын. Алқабилердің соңғы кездегі сотқа қатысуы соны көрсетеді.

Кездейсоқ першіте түсті десе көшедегі адам мойын бұрып қарамайтын халге келе жатырмыз ба деп қорқасын. Кез келген немқұрайлық қайтыға соқтыруы мүмкін. Адамдарды селт етпейтін салғырттықтан қалай арылта аламыз. Жалпы, әр адам қоғамға, айналасына бей-жай қарамауы керек. Тіпті әр адам өзін бір мезет соттың орнында отырып деп ойласын. Өйткені, адам тағдыры шешіліп жатқан сол сәттегі оның пікірі шешуші рөл атқаруы да мүмкін.

Егер сотқа шақырылған алқабилер кандидаттардың саны жиырма бестен кем болса, төрағалық етуші судья өздігінен бас тартулар мен қарсылық білдірулерді қанағаттандырылғаннан кейін олар он жетіден азайып қалса, төрағалық етуші сот отырысының хатшысына алқабилер кандидаттар құрамының жетіспеуін санын бірыңғай және қосалқы тізімнен толықтыру туралы өкім береді. Бұл жағдайда сот отырысында алқабилер бірыңғай және қосалқы кандидаттарды шақыру үшін үзіліс жарияланады.

Жалпы тәртіп осындай.

– Алқабилер қандай істерді қарауға қатысады? Олардың құқықтары мен міндеттері қандай?

– 2022 жылы алқабилердің қатысуымен қаралатын істер 14 санатты құраса, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл сан артып, 32 санатты құрады. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап алқабилердің қатысуымен қаралатын істер санаты 32 істен 45 іске дейін көбейді.

Алқабилер істің мән-жайын ішкі наным бойынша өз бетінше бағалауға және алқа алдына қойылатын сұрақтарға жауап беру мүмкіндігін алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатыса алады. Сонымен қатар, процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қойып, заттай дәлелдемелерді, құжаттарды, жергілікті жерді және үй-жайларды тексеріп қарауды жүргізуге, төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты өзіне түсініксіз басқа мәселелерді түсіндіруді сұрап, өтініш жасауға, сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

Сонымен бірге сот отырысында тәртіп сақтауға, төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға, үзіліс жарияланса немесе істі тыңдау кейінге қалдырылса, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге, мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеу себептері туралы алдын ала құлағдар етуге тиіс.

Бұған қосымша айта кететін нәрсе, хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті.

Алқабилердің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген жауапшылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабилерді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

Тұлға бір жылдың ішінде алқабилер ретінде бір рет бір қылмыстық іс бойынша ғана қатысуға құқылы бар.

– Көпшілікке қажетті әңгіме қозғаныңыз үшін көп рақмет.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЙШҰЛЫ

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ СПОРТҚА СЕРПІН БЕРЕДІ

«Дені саудың жаны сау» деген қанатты сөз бар халық даналығында. Кез келген елдің болашағы халықтың денсаулығына байланысты екенін ескерсек, денсаулығы бекем ұлт қалыптастыруда аянып қалмау қажет. Осы бағытта облыс орталығында тындырымды тірлік атқарылып келеді. Қызылорда қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің мәліметіне сүйенсек, 2022 жылы бұқаралық спортпен жүйелі түрде айналысушылар саны халықтың 36,6 пайызы немесе 128 мыңға жуық болатын. Өткен жылы бұл көрсеткіш 141 мыңнан асып, 39,5 пайызға жетті. Ал биыл оны 40 пайызға жеткізу межеленді. Межені орындау мақсатында түрлі жұмыс жасалып жатыр.

– Спортты серік еткен жандар үшін Қажымұқан Мұнайтыпасұлы атындағы спорт клубында ыңғайлы жағдай жасалған. Онда оннан астам спорт түрін тегін үйірмелер бар. Атап айтқанда, қаратэ, еркін күрес, қоян-қолтық ұрыс, таэквондо, дзюдо, грэпплинг, бокс, футбол, паранаэурлифтинг, казак күресі және тағы басқа. Балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жарыстар, клуб тарапынан үйірмелер ұйымдастырылып тұрады, – дейді облыс басшысы Қайрат Есенгелдиев.

Клуб спортшылары жыл көлемінде Қазақстан Республикасы, Азия және Әлем чемпионаттары мен кубоктарында талай рет жеңіс тұғырынан көрінді. Осыдан он жыл бұрын ашылған клубтың міндеті де сол – қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық шараларды ұйымдастыру, жастардың спортпен айналысуына мүмкіндік беру.

Облыс орталығында спорттық инфрақұрылымды дамыту, халықтың денсаулығын арттыру және спортпен

айналысуы, балалар спортын жандандыру, өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануына және спортшылардың жоғары жетістіктерге қол жеткізуіне барынша жағдай жасалған. Саланы дамытудың стратегиялық бағдары – денсаулықтыру мен спортты дамыту. 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Бұл құжатта айқындалған негізгі мақсаттардың бірі – спорт инфрақұрылымын дамыту арқылы халықтың қолжетімділігін арттыру.

– Қаламызда жыл сайын нысандар саны артауда. Өткен жылы Тасөбегт кентінде облыстық денсаулықтыру спорт және туризм басқармасына қарасты №5 спорт мектебінің тегіне жаңа кешен, «Ақсуат» ауылдық округіне қарасты Ж.Махамбетов ауылында ұлттық және ат спорты бойынша клуб тегіне кешен пайдалануға берілді. Одан бөлек, биыл жеке кәсіпкерлер тарапынан «Шұғыла» және «Мың бала» спорт кешендері бой көтерді. Өткен айда сол жағалауда теннис орталығы ашылды, – дейді К.Есенгелдиев.

Спорт кешенін салған «Абай-Дәулет» серіктестігінің басшысы Мұрат Сәрсенбаевқа қала тұрғындарының алғысы зор. Құны 500 млн теңге болатын «Мың бала» кешенінің жалпы ауданы – 5 мың шаршы метр. Мұнда бокс, кикбокс, таэквондо, дзюдо, самбо, казакша күрес, грек-рим күресі, волейбол, баскетбол, футбол, ұлттық би, ұлттық садақ ату сияқты спорт түрлерінен мынанан астам бала шеберлік шыңдайды. Бұл кешен «Ақмешіт» шағын ауданындағы М.Саламатов кешенінің бойынша орналасқан. Игі жұмыстарды Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауының, облыс әкімінің үйлестіруінің арқасында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастамалардың сәтті жүзеге асуының көрінісі деуге болады.

Бөлім басшысы облыс орталығында олимпиадалық және олимпиадалық емес, бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт, күрес түрлері мен қоян-қолтық ұрыс, қаратэ, таеквондо, бокс, грэпплинг, панкратион, футбол, волейбол, баскетбол, интеллектуалды ойындар түрлері кешені дамып, насихатталып келе жатқанын жеткізді. Сондай-ақ спортшылардың жетістіктерін тілге тиек етті. Мысалы, Мөлдір Маханбетова, Әсел Мәделі, Балнұр Жайшылық, Дильназ Айтжан, Нұрдаулет Жұбан, Бекарсы Нұржаубайұлы, Нұрқанат Орынбасар Аружан Мұратова және тағы басқа спортшылар тұғыр биігінен көрініп, бабы мен бағы қатар екенін дәлелдеп үлгерді.

Спорттың дамуы, оның ішінде маңызды жетістіктер еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын көрсетеді. Аткарылып жатқан жұмыстар мен спортшылардың табысты болуы мемлекеттің тиісті деңгейдегі қолдауы деп білеміз.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

1-бет



ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Ізгілік шіріңдері



БАЛА ТІЛІ БАЛ ЕДІ...

Асыл жеңге неге долданды?

Жеңістің 80 жылдығы жақындаған сайын, балалық шақтағы оқиғалар еске жиі түсе беретін болды. 1942 жылдың бірінші мамыры күні бізді оқудан оқушылары. Басқарманың орынбасары Байұзақ көке келді де орнымыздан тұрғызып:
– Оқу бітті, әкелеріңнің ау-құралдарын қабылдаңдар, – деді өктем үнмен. Директор ағай қарсылық білдіріп еді, оған ұрысып тастады. «Не соғып тұрсың, өзіңді еңбек армиясына жіберейін бе?» деп жекірді. Еті тірлеу Шоқанайдың Қуандық көмектестік болып:
– Ағайдың кіносі жок қой, ал біз айтқаныңызға көндік, – деді.
– Қарай гөр, мына Шоқанаевтың адвокат болуын, – деп күлімізді де, есіктен шығып кетті.
Бүркітәлі екеуміз бір қос болдық. Әкелеріміз де бірігіп балық аулаған теңізі-балықшылар еді. Бір ай откден шамада, яғни 1942 жылдың маусым-шілде айларында, екі ай Николой атауынан («Возрождение») шемая балығын аулаға тәртіп алдық. Мұнда жасөспірімдерден Қарлыбайдың Өтегені, Шоқанаев Қуандық, Бүркітәлі және мен болдым.

Одан оралғанды, тамыз айында теңізге қайта түстік. Басқалары да көлді, өзенді және моторлы кемеге қара қайықтарын тіркеп, теңізді шарлады. Осы аралықта сыныптап қыздарымыз Мауыты, Тынай, Үлкенек, Зейнептің ауылда жоғын естілік біреулер «ФЗО-ға оқуға кетті» десе, біреулер «жок, олай емес еңбек армиясына алды кетті» деп жорамалдады. Әсіресе, бұған Қуандық досымыз көбірек қиналады. Сірә, солардың бірімен сөз байласып жүрсе керек.

Қараша айының орта тұсында Бүркітәлі екеумізге бригадир Бөлебай ақ келіп:
– Ау-құралды тапсырып, оқуға барыңдар, – деді. Себебі теңізде сен жүреп бастаған еді. Табысымызға сеспеп урлон (қағаз) береді. Онда шәй, ұн-шекер, шикі сөк жазылды. Өйткені дүкенде азық-түліктен бары осы төртеуі ғана.
Бүркітәлі екеуміз урлонды қақ бөліп алып, дүкенге келдік.

«Терістүбек» қыстағында мекемеден бары – бастауыш мектеп пен осы дүкен.
Бүркітәлі «Шапбай-ау, атымыз тағла байлап келдім жаяу» деген әнді шырап, есіктен кіргені сол еді:
– Тоқта, қара жердартқыр, неге жетісіп ән салып жүрсің, көрінбе көзіме, – деп Асыл жеңгей гір тасының бірін жіберіп қалды. Жеңгей жындаған ба, мынауы сен желі, дегендей танданып, ол кейін шегінді. Асылдың негізгілігі менен гөрі Бүркітәліге жақындау еді.
Екеуміз далада состиып тұрмыз. Мектепберген есімді әкемің құрдасы бар-ды. Ол көптен лепроммен ауырып, төсек тартып жатқан-ды. Сол кісінің әйелі:
– Айналайын Асыл, біздің үйдегі әкемің балықтан өзге көрегі жоқ. Соған бір кесе шикі сөк берші, – деп еді, – урлон әкел, онсыз ештеңе бере алмаймын, мені түрмеге жапсын дегеніңіз бе? – деп ақырды.
Сол тұста қалтама қол салып едім, үш келі шикі сөк деген урлон ілінді. Шикі кіріп, Асылке, міне урлон деп қолыңа ұстаттым.
– Ой-й, жетпегір, қайдан алдың, кімнен ұрладың? – деп бетіме былш еткізді.
Осы арада абырой болып Бөлебай бригадирдің дүкенге кіріп келмесе бар ма?!

– Әй, әй... келін. Бұлар ұры емес, кәнігі балықшылар. Әкелерінің орнын басып теңізі-балықшы атанғандар. Кеше түсте біздің үйден тамантанғанда табаға қуырылған қызыл тыран осы екеуінен алған сырғалым болатын, – деп аралашалды.
Бөлебай аға бір қалта шекер алды да кетіп қалды. Шикі сөктің урлонын қайта ұсындым. Урлонды уқалап-уқалап тұрады да:
– Шешен келсін, – деді бетінің түгі шығып.
– Табыс тапқан анам емес, мен ғой, женеше. Мына кісі де анам, беріңізі!
Тұрды, тұрды...
– Бір келісін ғана берем, – деді де екі келілік шикі сөктің урлонын қайтарып берді.

Үйге көңілсіз келдім. Алғашқы табысымды көтергеніміз арқалап келіп, көрші-қоланға мақтанбақшы едім. Төсекке құлай кеттім. Қалтамадағы бар урлонды Оңайбике әжеме бердім. Ол айналып-толғанып жатыр.
– Ертен бәрін әкеліп той жасаймын. Ата-бабаға Құран оқытамын. Мана Үмбет молдаммен келіскенім. Асылға өкпелемей-ақ қой. О байғұс қазір не ес бар дейсің?
– Оған не болған, әже?
– Рза ағаннан аты өшкір «қара қағаз» келіпті. Пошташыдан есіттік. Өзі сыр ашпай жүріпті. Өшін сендердей қайыныларынан алмағанда, кімнен алады?
– Ойбүй, Рза ағаның да кеткені ме? Жігіттің сұлтаны еді-ау, сұлтаны!

Бір пұт ұн

Сол күннің ертеңіне Набат анам жүз келі ұнның урлонын алып дүкенге барады. Асыл келіні кешегідей асау емес, басынғананы айтып келді. Бірақ мұндай көп ұнды босата алмайтынын, оны «Қаратерендегі» орталықтан алу қажеттігін құлағына сыбырлап, құпиялап жеткізеді.
– Ене-ау, онысы несі? – деп әжеме ойласып еді, әжем «қайдам?» деп ығын қозғады да, сыр ашпады.
Сонымен Мауия деген кісінің түйесін сұрап алып, Урылхан апамыз екеуміз «Қаратерендегі» тарттық. Қос өрешті түйе желіп отырып лезде-ақ апарды. Дүкенші Байсары таныс ағамыз болатын. Бір кісімен сөйлесіп тұр.
– Байсары, маған бір пұт ұн бер, шешем әл үстінде жатыр, жалғыз ешкі бар. Лақтағасын лағын өсіріп беремін, – деді бізге бейтаныс адам.
– Жо-қ, қинамаңыз, урлон әкеліңіз, басым кетеді, – деді дүкенші қатқылдау үнмен.
Мен қасына барып:
– Байсары аға, міне жүз келі ұнның талоны, осыдан 16 келіні мына атаға өлшеніз, – дедім жүрегім алып-ұшып.

– А-а, әй балам, кімнің баласысың? – деді ата. Әкемің есімін естіп:
– Е-е, түсің жылы елі-ау, бақытты бол, балақай, – деп бата беріп, 16 келі ұнды алды да кете барды.
Қалған ұнды екі қапқа бөліп салып, түйеге теңдеп «Терістүбекке» қарай желе жортып келеміз. Алам үніс. Мүлде көңілсіз.
Түйені шөгерттім. Апам түсе сала үйге жүгірді. Маған ашулы. Бірденей дейтін білдім. Анам салмақты. Сөзді соңына дейін тындайды. Ошақтың аузында қамыс отынды жағуда екен. Қолында көсеуі.
– Апа, апа... Мына онбаған балаң танымайтын бір кісіге 16 келі ұнды беріп кетті, – деді есік жаққа бір қарап қойып. Мен тыңдап тұрмын. Анам үндемеді. Отынды ысырып жаға берді.
– Апа, есіттіңіз бе? – деді апай тағы да.
– Бері кел, – деді анам, – ол кімнің табысы, «Береген қолым, алаған» деген. Мұны біліп қой. Екіншіден, інілеріңді қарғама. Өйтеке би «Бауырмал болса інің жақын, ақылды болса апайың жақын» деген. Енді мына бірдене барды ма? – деп шекесіне көсеумен тық еткізді.
Мен күлмедім де, шагтанбадым да, қайта апамды аяп кеттім.

Ештеңе білмегендей, қаптарды үйге кіргізіп болып, түйесін апарып берейін деп едім, анам:
– Тұра қал, қазір, – деді. Шикі сөк салған бір қалтаны қолыма ұстатты да:
– Түсіндің бе? – деді.
– Түсіндім апа, Мауия көкеге сәлемдеме ғой?
– Дұрыс, бара бер, – деді жылы меіріммен.
Мауия көке есігінің алдында тұр екен. Сәлем бердім де, әлгі қалтаны ұсындым.
– Бұл не, балақай? – деді қолына ала беріп. – Е-е, шикі сөк қой, шикі сөк. Бұл жарықтықты көрмегені ғайы. «Арпа-бідай ас екен, алтын-күміс тас екен» деген осы. Не, өзін балық аулайсың ба? Әкең болса, еңбек армиясына қояды.
– Иә, көке, аздап балық аулаймын.
– Есіткен, есіткен... Құдай шебер-ай, мұрнынан құрты түспеген ойын баласың да теңізге салып... Теңіз байлық десе де, аса қауіпті.

Хош деніз. Арада 15 жыл өткенде сол «Қаратеренге» мектеп директоры болып бардым. Екі-үш ай өткенде «Директор баламының кеңесі қайсы?» деп біреу таяғын тақылдап келе жатты. Орнымнан тұрып есік аштым. Келімі, ақ сақалды аға екен. Орындыққа жайғасты.
– Әй, балам, осы ауылда қанша бастық бар? – деп сұрады.
– Ауыл совет, басқарма, флот бастығы, учаске және ферма бастығы, отыз шикі болар...
– Мен Бекмағамбет деген ағамын. Арғы күні, демалыс күні түсте, соларды ертін біздің үйге апар. Дүкенші ағаң Байсары да қалмасын.
– Көке, жай ма?
– Шай бергім келеді.
Ойлап отырып қалыппын. Оқу ісінің менгерушісі Сахитқан келіп:
– Жетінші сыныпта сабағыңыз бар ғой, ұмыттыңыз ба? – деді.
– Жок ә, әллі ағаны танысыз ба?
– Е-е, осы ауылдың белгілі, беделді, ақылғой қарияларының бірі.
– Онда осындағы басшы-қосшыларды тізімде, демалыс күні қонаққа шақырды.

Міне, сол үйдеміз. Кең бөлме. Үш дастарқан жайылған. Ақ бауырсақ төгілген. Күйеуі мен үлкен қызы қызмет етіп жүр. Бұларды танимын. Балаларына жиі барып тұрады. Бекмағамбет көке жұмақсқ орындыққа отырды. Мақсұтқали басқарма сөз бастады:
– Мына інің келесін, дастарқан жайып жатырсың ба, біз соның шақыруымен келдік, – деп бір ұйай тастады.
Осы арада үш дастарқанға май қуырдақ шаймен қоса келді.
– Мақсұтқали, әуелі дастарқаннан дәм тат, мән-жай-сосын айтамын, – деді қария.
Бәріміз асқа кірістік. Үлкендерден Шамырғат, Жұмақмет, Райхан, Шарпап, Жазыңбай, Бакытжан Үмбетов, тағы-тағылары болды. Мақсұтқали басқарма:
– Ал-л, баста хикаяңды, – деді үй ісіне күле қарап. Ол бір жөтеліңкірепін алды да:
– Әй, Байсары, әңгіме тыңда, – деді оған қарап, – бұл 1942 жылдың қараша айының орта шамасы болатын. Анам байғұс әл үстінде жатты. Ертен, бүгін кетеді-ау деп қысылдым. Соғыстың қайнап тұрған кезі. Балықтан басқа нәр жоқ. Жалғыз ешкі буаз. Оны сойғанда не болады? Сонда мына дүкенші ініме бардым. Бір пұт ұн сұрап. Бұл басым кетеді деді. Менің урлон жоқ. Өйтеуір бір құтылармын дегенім ғой. Соның бәрін мына Шақират бала естіп тұр екен. Қолында 100 келі ұнның талоны. Мені танымайды. Мен де бұл баланы көрмегенмін. Өкесін білем. «Байсары аға, – деді дүкеншіге, мына көкеге сұраған 16 келі ұнды беріңіз» деді. Мен аң-таң. 16 келі ұнды алдым да, артыма қарамай үйге тарттым. Келсем анам о жаққа жүріп кетті. Сол ұннан күлше жасап таратып анамды жерледім.
Қария өкісіп жылады. Жұрт тым-тырыс. Маған қарайды.
Қатты қысылдым. Байсары аға далаға шығып кетті. Қария сөзін жалғап:
– Менің қолым жүрді. Ешкі егіз туды. Жыл сайын солай. Сол төлді өсіріп, бір қашар алдым. Ол да жыл сайын төл берді. Солай көбейді. Ұл мен қыз өсті... Соның бәрі 16 келі ұннан басталды.

Сол ағаның бүгінгі Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұстазы Шанжархан Бекмағамбетовтің әкесі екенін кейін білдім.
Әні, солай!
Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҮЛІ, тұл ардагері.
Арал ауданы, Қаратерен ауылы, «Терістүбек» қыстағы

Сонғы кезде екіншісі біріншісінен баласын тасып жүргенін аңғарамыз. Ата-аналар жиналған жерде бірінші осы тақырып қозғалады. Баланы сөйлтетін дамыту орталықтары ашылуда. Негізінен «Терістүбекке» қарай желе жортып келеміз. Алам үніс. Мүлде көңілсіз. Екіншіден, балам тыныш болсын деп қолына телефон береміз. Иә, шырылдап жылап жатқан балаға смартфон берсең, үйіле қалады. Өкініштісі, көпшілігіміздің үйіміздегі көрініс осындай.

Үшіншіден, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың жоқтығы. Жұмыстан қолы босамайды, балаға зер салмайды, «уақыт жоқ» деген желеу айтады.
Тағы бір қателік, баланың сөйлеуі кешігіп жатса «еркеліктен», «ата-әжесінің баласы», «әжесі 6 жасында сөйлеген», «түсіңді, ертен-ақ сөйлей кетеді», «ол жалқау» деген ойларға ерік береді. Салдарынан уақыт жоғалтып алады.
Баланың дамуы, ойлауы мен сөйлеуін телефон тежеуде. Үздіксіз қарайды, жанынан тастамайды, алаңдап отырады. Уақытының басым бөлігін гаджеттерге жұмсайды. Сымыс құрылғының ішкі әлеміне телміргендер виртуалды өмір сүруде. Бұл – ашы да болса шындық. Осының кесірінен балада психологиялық ауытқу көптеп анықталуда. Арнайы мамандар жасөспірімдер шифрлы аутизмнің шырмалуында екенін айтады. Оны тұйықталған балаға айналасы да қызықсыз көрінеді. Сөздік қоры да азаяды. Шетелдік түсініксіз мультфильмдер мен бейнежазбаларын көреді. Бұл тіл енді шығып келе жатқан балаға кері әсерін береді.
Ресей ғалымы Ирина Козьянинова «Прознононе и лекция» деген кітабында күн сайын балаға 10-12 жанылтыпшы оқытып отыруға кеңес береді. Мұны логопед мамандар да құптайды. Бала тіліндегі мүжікті емдегенде негізінен жанылтыпшы пайдаланады. Нейропсихологтар да жанылтыпшыны жаттыққанда мылқан белсенділігі артып, санаға тұссен ақпараттар өңделіп, жадыға жылдам бекіліп дән айтады. Бірақ бір шұмақ олеңді әзер айтатын бала жанылтыпшы қайдан жаттасын?
Сонымен бала тілі неге кеш шығады? Себеп-салдары қандай? Соңғы уақытта тілі күрмелен бала неге көбеюде? Мұнымен қалай күресуге болады? Осы тақырып аясында тиісті сала мамандарына сауал қойып, пікірлерін білген болатынымыз.

Элеонора Қайырғалиева, балалар дәрігері:
– Қоғамда тілі кеш шығатын немесе тіл мүжіктігі бар бала көбейген. Бұған ата-анаман қоса дәрігер мамандар да алаңдаулы. Себебі жеткілікті. Бала құрсақта тәрбиеленеді. Аналардың жүктілік кезіндегі инфекциялық аурулармен жиі ауруы, қаназдық, бүйрек

жұмысының әлсіздігі, жүрек-тегі ақаулар, босану кезіндегі қиындықтар. Егер ана ауыр жүктілік кезеңінен өтсе, қиын босанса, баланың есту қабілеті және орталық жүйке жүйесінің зақымдануы әбден мүмкін. Неврологиямен туып, сөйлеу қабілетіне зиян келеді. Сонымен қатар отбасылық-тұрмыстық және әлеуметтік жағдайлар, психикалық қолжүгі, ата-ананың баламен бала тілінде сөйлесуі де кері әсерін тигізеді.
Негізінен, бала туғаннан бастап дыбыс шығарады. Жас ерекшелігіне сай іс-әрекет етеді. Осы кезде қандай да бір өзгешелік байқалса дәрігерге әкелу қажет. Сонымен бірге невропатолог, жақ бұлшық еттерінің жетілуіне байланысты хирург, лор маманына қаралуы тиіс. Дұрыс тамақтануына да мән берген жөн. Тез дайындалатын фаст-фуд өнімдері кішкентайға зиян. Дүкен сөресіндегі түрлі тәттіні де құрамына қарап берген дұрыс.

Жанар Маханбетжанова, логопед-дефектолог:
– Ең алдымен ата-ана дабыл қағып, күресу қажет. Себебі, уақытында әрекет етпесе баламен көп жұмыс жасауға тура келеді. Екі жасқа келгенде сөйлесемсе, дәрігерден бастаған жөн. Негізгі өз жасына сай толыққанды сөйлей алмайды? Бұған түрлі факторлар әсер етеді. Дені сау туған баланы мектеп жасына дейін тұрақты дәрігерлерге көрсетіп отыру маңызды. Ал тіл бұзылысы байқалса, маманның кенесін алуы тиіс. Ең бірінші баланы сөйлеуі үшін түсінік қалыптасу керек. Сөйлеуді дамыту кейінгі орында тұрады. Егер түсіну қабілеті қалыпты болса, сөйлеу тілімен жұмыс істейміз.
Бұрын жеке маман ретінде еңбек еттім. Логопедтің қызметіне жүгінетін ата-ана көбейгеннен кейін «Логопед» сөйлеуді дамыту орталығын аштым. Орталыққа қаншама бала келеді. Олардың денгейіне қарап, сөйлеуге тырысамыз. Педагогикалық және медициналық тұрғыда жұмыс жасаймыз. Егер бала сөйлеулен кешігіп жатса, дыбыстарды дұрыс айта алмаса, түсініксіз сөйлесе, тілге арналған жаттығу жұмысынан бастаймыз. Сөйлеу процесінің даму этаптары болады, 2-3 айында гуілдеуі басталады. Сегіз айында белсенді түрде был-

П.С. «Бала тілі – бал» деп жатамыз. Былдырап тілі шыққанын қызық көреміз. Алғашқы «әке», «ана» деген сөздерін естуге асығып, сол сәтті күтеміз. Ата-әжесі «айналайын тіліңнен» деп айналып-толғанатын. «Шешен бол» деп бата беретін. Қазір ше? Баланың бұл әрекетіне, қай уақытта сөйлегеніне де мән бермейтін болдық. Міне, осыдан-ақ ата-ана мен бала арасындағы байланыстың үзіліп бара жатқанын аңғару қиын емес.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушылар назарына!			
№	Атауы	Өлшем бірлігі	Детгейі
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	11 621,03
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	10 038,71
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	13 104,82
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	13 710,60
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	13 710,60
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	13 104,82
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	30 536,97
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	7 750,69
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	46 345,97
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	46 345,97
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алуды			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	17 862,66
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	17 475,28
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	19 894,40
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	17 507,07
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	19 894,40
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	19 894,40
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	36 527,07
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	11 939,15
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	52 336,07
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	52 336,07

«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бөлімі басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік шартпен берілген

ӨНЕГЕ



ҰСТАЗ һәм ҚАЛАМҒЕР

Қаладағы Абылайхан атындағы №140 мектеп оқушылары «Аманат» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында Жалағаш ауданы «Таң» ауылының тумасы, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Темірбек Есжановпен кездесті.

«Дара, данғыл, кемел жол» тақырыбындағы ашық алаңда кеш қоғам Темірбек Әубәкірұлы бозбала шағынан бастап қазіргі қарттық кезеңге қалам басқан жылдар аралығындағы сан тарау өмір жолынан сыр тарқатты.

Сыр-сұхбаттың «Бозбала кезең, балауса сезім» деп аталатын бірінші бөлімінде нағашы жұртына сәлем бере беріп, алғаш ат мінген сәтін еске алған Темірбек ағамыз халқымыздың осындай жөн-жоралғысы бар екенін жастарға ерекше ықыласпен әңгімелен берді.

Өмірлеріне көз салсақ, Темірбек Есжанов аймақтың оқу-ағарту саласында көп жыл қызмет етіп, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған. Әріптестерінің айтуынша, қалалық оқу бөлімі ол кісіні көбіне білім сапасынан, тәрбие жағынан қиындық туындатқан мектептерге қызметке жеткізген. Табанды талап, тынымсыз еңбектің нәтижесі болар, көп ұзамай сол мектептерде оң көрсеткіш қалыптаса бастайтын.

Ашық алаң сыр-сұхбатының «Еңбек және ұстаздық жол» бөлімінде кеш кейіпкерінің еңбек жолы туралы айтылса, «Өмірді қара сөзбен өрнектетім» тақырыбына сай қаламгерлік жолы баяндалды. Кезесуде Т.Есжановтың ұстазы Әліхан Меңлібаев, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жалғасбай Әмірбаев сөз сөйлеп, ауылдан шыққан азаматтың алғашқы еңбек жолын комсомол ұйымынан, жұмысшылар комитетінен бастап, ауданның аймақтың білім саласында абыройлы қызмет атқарғанын, сондай-ақ, шығармашылықпен айналысып, кейінгі ұрпаққа арнап әдеби-көркем, рухани-танымдық дүниелерді өмірге әкелгенін айтты.

«Аманат» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы, облыстық мәслихат депутаты Гүлшат Исақызы, Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледждің аға оқытушысы, айттыскер ақын, Мәдениет саласының үздігі Айдос Рахметов, «Әлімсақ» журналы мен «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы ардагер ұстаз, қаламгер Темірбек Әубәкірұлының адами құндылықты насихаттауға арналған шығармалары жайлы әңгімеленді.

Ардагер ұстаздар Алтын Болатқызы, Үміт Қажығалиқызы, Гүлзия Жұмағалиқызы, Галина Мүсілімқызы кеш кейіпкері Темірбек Есжановтың білім беру ісіндегі зор еңбегін, сонымен қатар, қоғамдық бастамаларды іске асырудағы ерекше ұйымдастырушылық қабілетін атап өтіп, қиын да қызықты шақтардан естелік айтты. Осы орайда ұстазға деген құрметтің үлгісін көрсетіп, тағалымды іс-шара ұйымдастырған мектеп ұжымына алғыс білдірді.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

БЕЛЕС

АУЫЛЫМ АЛПЫС ЖЫЛДЫҢ АСУЫНДА

Демалыс күндері Қармақшы ауданына қарасты «Қуандария» ауылының құрылғанына 60 жыл толу құрметіне той өтті.



Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен Қазақ ССР Министрлер кеңесінің «Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарында қой шаруашылығын өркендету арқылы шаруашылықтар ұйымдастыру туралы» қаулысы 1963 жылы шыққан соң, біздің облыстың Теренөзек ауданында «Іңкәрлария», Жалағаш ауданында «Аққыр», «Жанадария», Қармақшы ауданында «Қуандария», «Жанақала», Қазалы ауданында «Қызылқұм» совхоздары құрылған еді.

Құрылғаннан тарағанға дейін «Қуандария» совхозындағы үш фермада 40 мыңға жуық қой, жүздеген жылқы, түйе болған. Ауылдың нарықтық экономикаға көшкенге дейінгі, одан кейінгі тіршілігі халықтың көз алдында. Құрылғанына 60 жыл тоғалған елді мекеннің мерекесіне кезінде осында тұрған, қызмет істеген, балалық шағы өткен жандар жан-жақтан жиналды. №186 мектепте «Құтты мекен – Қуандария» атты ауыл тарихына, азаматтарына арналған музей ашылды. Жақында өмірден өткен ардақты азамат, ұстаз Асқар Дәндесов атындағы қазақша күрес турнирі ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғысының ардагері Әбідрас Әмірбаевтың 100 жылдығына арналған «Өткенге құрмет – ұрпаққа өнеге» атты тағалымдық кеш те өскелең ұрпаққа берер өнегесімен ерекшеленді.

«Қуандарияның» орталық алаңындағы мәдени-көпшілік

іс-шараларға Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек қатысып, мерейлі мерейтойға жиылған жұртшылықты ауылдың тарихи белесімен құттықтады. Бірқатар азаматқа мерекелік медальдар мен Алғыс хаттар табыстап, құрмет көрсетті.

Мерекеге орай еңбек ардагері Шегебай Құндақбайұлының «Шалғасқаттан Қуандарияға дейін» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітап ауылдың өсіп-өркендеу жолынан сыр шертеді. Оқырман шаруашылық пен түрлі әлеуметтік құрылымдарда еңбек еткен азаматтар, ел мен жердің тарихы туралы мәліметтерге қанықты. Автор тарихи деректер мен оқиғаларға ерекше мән берген.

Мерейтойда қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов, аудандық мәслихат төрағасы Әділ Қошалақов, жиналған қоғам құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілек білдірді.

Биыл ауылды абаттандыру, атап айтқанда, көшелерді жарықтандыру ісі шешімін тапты. Көшелер, «Жастар», «Жеңіс» аллеялары, балалар ойын алаңы, мешіт ауласы мен әкімшілік аумағы жарықтандырылды. Бұдан бұрын ауылда мектеп, ауылдық клуб пайдалануға берілсе, осы кезде фельдшерлік-акушерлік пункт салынуда.

Мерекелік іс-шаралар ат бәйгесі, ұлттық спорттық ойындармен жалғасты. Екі күнге созылған мерейтойда облыстық филармония өнерпаздарының, эстрада әншілерінің қатысуымен мерекелік концерт ұйымдастырылды.

«СБ» ақпарат

Бізді өсірген өмір мектебі

Мың тоғыз жүз алпыс төрттің көктемі, Кіе қонған «Қызылқұмның» бөктері. «Қуандария» деген ауыл құрылды, Жатқан жер ол орталықтан шеткері.

Ел жұмылып көшеге тал екені, Құрылыс дамып қолда күрек, кетпені. Кешегі күн көз алдыма қаттаулы, Бізді өсірген осы өмір мектебі,

«Ыстық бұлақ» ыстық әрбір көңілге, Ешнiяз сал мазары түр жеріме. «Қаракұм» мен «Қызылқұмның» қиясы, Талай текті тұлаға шықты елімде.

Ауылымның алғашқы аты – «Шалғасқат», Тарихқа сұрлеу салсам жол бастап. Өнеге айтар қариялар ізі бар, Киіз үйдің іргесінде жамбастап.

Есік алды бау-бақшасы жайқалған, Өргізіп мал өрісінен қайтарған. Күн-түн демей қызмет еткен халыққа, Механизаторлар шықты бізден майталман.

Малдың жайын келтіретін барын сап, Шопаңдар жүрді міндеттерін орындап. Үлкендерге жәрдемдесіп шынығып, Еңбекпен жастар өсті жалындап.

Елден көрем болашақтың бастауын, Саған арнар талай шайыр дастанын. Мерейтойың құтты болсын, газиз ел, Бағындырған алпыс жылдың асарын.

Мәриямқұл СЫДЫҚОВА, еңбек ардагері

БӘРЕКЕЛДІ!

«ГҮЛДЕР БАҒЫНЫҢ» БИШІЛЕРІ Стамбулда топ жарды

Қаладағы №7 арнайы түзету мектеп-интернатының тәрбиеленушілерінен құралған «Гүлдер бағы» би тобы Түркияның Стамбул қаласында өткен «Ipek yolu» халықаралық балалар фестивалінде топ жарып, бас жүлдені жеңіп алды. Қуанышты жаңалықты мектеп-интернат директоры Перизат Жұматовна хабарлады.

Жыл сайын ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар үшін түрлі байқаулар ұйымдастырылады. Мектеп-интернат оқушылары да қалыс қалмай, белсенділік танытып келеді.

Жақында XIX республикалық «Жұлдызай» шығармашылық фестивалі өтіп, өнерлі өрендер хореография номинациясы бойынша бақ сынап, бірінші орынды иемденді. Мұнан соң Шымкент қаласында өткен «Дарынды жұлдыздар» республикалық фестиваліне қатысып, бас жүлдені еншіледі. Осылайша Түркия еліне жолдама ұтып алды. Би тобының жетекшілері Гүлзира Кәренеева мен Шолпан Төлеп балалармен тыңғылықты жұмыс жасап, халықаралық доғала дайындады. Бастысы, еңбек ақталды. «Гүлдер бағы» би тобы үздік атанды.

— Оқушыларымыздың жетістігі — біз үшін үлкен қуаныш. Өнерлі шәкірттеріміз ұжымдағы іс-шараларда да белсенді. Түр-

лі байқауларға қатысып, өнерін шындап келеді. Жетекшілері де — еңбекқор жандар. Балалар үшін аянбай еңбек етуде. Енді оқушылар алдағы байқауға дайындалмақ.

«Гүлдер бағы» би тобының құрылғанына екі жыл болды. Топта 12 оқушы өнер көрсетеді, бәрі де дарынды. Сондықтан олардың әлі де талай белесті бағындыратынына сенім мол, — делі Перизат Алмашқызы.

Халықаралық өнер байқауына Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан елінен келген дарынды балалар қатысқан. Еліміздің мерейін үстем еткен балалар ерекше өнер көрсетіп, топ жарып, Дубайға жолдама ұтты.

«СБ» ақпарат

Атқарушылық іс жүргізу

Атқарушылық іс жүргізу — құқықтық мемлекеттің кепілі, азаматтардың құқықтарын қорғау мен тәртіпті сақтаудың маңызды құралы.

Сот орындаушысы шешімді өз өндірісіне қабылдаған сәттен бастап, борышкердің мүлкіне тыйым салу, шоттарын бұғаттау және қажет болғанда мәжбүрлеп орындау шараларын қолдануға кіріседі.

ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Заңның 32-бабы талаптарына сай, сот орындаушысы атқарушылық құжаттың толық орындалуын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады. Бұл тек орындаушының ғана емес, борышкердің де заң алдындағы міндеті, өйткені орындамау — жауапкершілікке жол.

ҚР ӘҚБтК-нің 669-бабының 1-бөліміне сай, сот шешімдерін орындамаған тұлғалар айыппұл төлейді не әкімшілік қамалға алынады. Осы жылдың алғашқы 10 айында Қызылорда облысында 235 борышкер жауапкершілікке тартылып, олардың 150-і алименттік міндеттемелер бойынша жазаланды. Олардың ішінде айыппұл арқалағандар да, әкімшілік қамалға алынғандар да бар.

А.ОРАЗБАЕВА, мемлекеттік сот орындаушы

ТІЛЕКТЕСТІК



ЕЛШІЛІКТІҢ МАРАПАТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Жақында Мәскеу қаласынан ақжолтай хабар жетті. Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің Алматы облысы бірдей жерлесімізге, атап айтқанда, қоғам жанашыры Дәурен Әбілқайыров, облыстық мәслихат депутаты Гүлшат Исаева және белгілі журналист Нұрсұлтан Мықтыбаевқа жарияланғаны хабарланды. Жоғары дәрежелі марапаттар сырбайлықтарға Ұлттық мереке — Республика күні қарсаңында табысталды.

Еліміздің Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дәурен Абаев бастаған ұжымның марапаты жерлестерімізге Халық Каһарманы, қазақтың аты аңызға айналған тұңғыш ұшқыш қызы Хиуаз Доспанованың ерлігін ұлықтауға арналған шараны ұйымдастыруға қосқан өлшеусіз еңбектері үшін берілген.

Естеріңізде болса, тағыз айында «Хиуаз, ұлы дама қыранысың» деген атпен жарық көрген мақаламызда Мәскеудегі шара туралы егжей-тегжейлі жазған болатынымыз. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, әнші, композитор Сәуле Жанпейісованың «Ер есімі — ел есінде» атты авторлық әндер кешінде данқты ұшқыштың құрметіне арналған «Хиуаз» әнінің тұсауы кесіліп, оның қан майдағандағы ерлігі кеңінен дәріптелді. Патриотизмге толы әннің сөзін жазған Нұрсұлтан Мықтыбаев кешке арнайы қатысып қана қоймай, сол кешті жүргізді. Әнді батыр апамыздың жерлесі әрі композитордың шәкірті, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының солисі Шыңғыс Нұрғалиұлы орындады.

өмірін өскелең жас ұрпаққа насихаттау жолында атқарған еселі еңбектеріңіз үшін риясыз алғысымызды білдіреміз.

Кеудесін Отан үшін оққа тосқан батырларымыздың ерлігін ұмытпау — ең асыл қасиет. «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері Хиуаз Қайырқызының есімін Мәскеу төрінде дәріптеу — екінші біріннің қолынан келе бермейтін ерлікке пара-пара дүние екендігі ақиқат. Осы тұста сіздер нағыз ерлік пен патриотизмнің, отандегі шара туралы егжей-тегжейлі жазған болатынымыз. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, әнші, композитор Сәуле Жанпейісованың «Ер есімі — ел есінде» атты авторлық әндер кешінде данқты ұшқыштың құрметіне арналған «Хиуаз» әнінің тұсауы кесіліп, оның қан майдағандағы ерлігі кеңінен дәріптелді. Патриотизмге толы әннің сөзін жазған Нұрсұлтан Мықтыбаев кешке арнайы қатысып қана қоймай, сол кешті жүргізді. Әнді батыр апамыздың жерлесі әрі композитордың шәкірті, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының солисі Шыңғыс Нұрғалиұлы орындады.

Ал осы шараға Қызылорда қаласынан арнайы барған «Торғай-Петролеум» АҚ-ның бұрынғы басшысы Дәурен Әбілқайыров пен облыстық мәслихат депутаты Гүлшат Мұсаева ерлікті, елдікті дәріптеуге өздерінің үлестерін қосқан еді. Міне, аталған Алматы Мәскеу төрінде өткен шараға қатысқан азаматтардың әрбірінің қосқан елеулі үлестері жан-жақты ескеріліп, ерекше атап өтілген. — Сіздерге Ұлы Отан соғысы кезінде ерлігімен ерекше көзге түскен данқты батыр, есімі аңызға айналған қазақтың тұңғыш әрі жалғыз ұшқыш қызы, Халық қаһарманы Хиуаз Доспанованы ұлықтау, оның өнегесі толы

Алдағы уақытта да мемлекеттік маңызды шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, алдадық пен елжандылық таныта берулеріңізге тілектеспіз. Егемен еліміздің жарқын болашағы жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз! — делінген марапат мәтінінде.

— Бұл, шын мәнінде, өзіндік мәнге ие, саяси және тарихи маңыздылығы жоғары шаралар легі болды, — деп атап өтті дипломатиялық органның кеңесші-үзкілі Ерлан Шәмшіев.

Айта кетейік, дәл осындай марапаттау салтанаты Алматы қаласында да ұйымдастырылып, Елшіліктің Алматы «Хиуаз» әнінің авторы, жетандай әнші Сәуле Жанпейісова мен оны орындаған Шыңғыс Нұрғалиұлына да табыс етілді.

Айдын ӘБДІХАЛЫҚ